«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

080012, Тараз қаласы, Ленин көшесі, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

04.05.2018г. №ЖМД-6-14/737

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

080012, г. Тараз, ул. Ленина, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

«Гео Нұр Құрылыс»
ЖШС-нің директоры
И.С.Тургинбаевқа
Шымкент қ., Әл-Фараби алаңы, 3

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаментімен *(ары қарай – Департамент)* Сіздің 2018 жылғы 1 наурыздағы № 28 арызыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген № 2208775-2 Жамбыл облысы Қордай ауданындағы Қасық ауылындағы № 23 мектеп ғимаратын күрделі жөндеуіне жобалық - сметалық құжаттамаларына сараптама өткізу бойынша мемлекеттік сатып алуларының камералдық бақылау жүргізіліп, келесідегі анықталды.

«Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің білім бөлімі» КММ-мен *(ары қарай - Мекеме)* аталған мемлекеттік сатып алуларды өткізуде сатып алу мәнінің түрі «қызмет» ретінде белгіленіп және «демпингтік есептеумен қызмет» демпинг белгісі қойылған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алулар туралы» № 434-V Заңымен *(ары қарай – Заң)* осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар нақты айқындалған.

Заңның 2 бабының 8 тармақшасына сәйкес, **жұмыстар – заттық нәтижесі бар қызмет**, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстарға жатқызылған өзге де қызмет.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағидаларының *(ары қарай – Қағидалар)* 175-1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің қатысуға өтінімнің бағасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12681 болып тіркелген) «Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 780 бұйрығына сәйкес белгіленген бағадан төмен болмауға тиіс.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Мекememен Заңның 2 бабының 8 тармақшасына және Қағидалардың 175-1 тармағына қайшы сатып алу мәнінің түрі қате белгіленіп демпинг белгісі дұрыс емес қойылған.

Мекеме бұл ретте сатып алу мәнінің түрі «жұмыс» ретінде белгілеп және «құрылыс жобаларын кешенді ведомстволық емес/қала құрылысы сараптамасы арқылы демпингті есептеумен» демпинг белгісін қоюға тиіс болатын.

Сондықтан, «Аделия-сарапшы» ЖШС-і негізсіз баға ұсынысын төмендету арқылы жеңімпаз болып табылған.

Қағидаларға сәйкес жұмыс және қызмет түрлерін сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі әр түрлі құжаттармен расталатындықтан, Сіздің арыздыа көрсетілген шартты жеңілдіктерге қатысты уәждеріңіз Департаментпен қарастыруға жатпайды.

Департаментпен «Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің білім бөлімі» КММ-не

камералдық бақылаудың қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданды.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабы және 14 бабының 6 бөлімдеріне сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым беруіңізге болады.

Басшының орынбасары **Қ. Орманов**

Орынд. Кунедилов Ж.
Тел. 8 (7262) 43-54-60